Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

# ЕЛ ТІЛЕГІ

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

№29 (989) Сәрсенбі 5 тамыз 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti



## «ҚЫЗЫЛОРДА-СЕКСЕУІЛ» АВТОМОБИЛЬ ЖОЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

**Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен «Қызылорда – Сексеуіл», «Ұлғайсын – Сексеуіл» және «Бейнеу – Сексеуіл» автокөлік жолдары құрылысының басталуына арналған телекөпірге «Қызылорда – Сексеуіл» автомобиль жолының учаскесінен облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов қосылды.**

Телекөпір барысында ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев жобаны бастауға әзірлік жөнінде баяндады.

Жалпы ұзындығы 462 шақырым «Қызылорда – Сексеуіл» жолы қайта жаңартылып, төрт жолаққа дейін кеңейеді. Бұл қауіпсіз көлік қозғалысын реттейді, жолаушылар мен жүк тасымалын тиімді ете түседі. Еліміздің батыс өңірлері мен Қызылорда облысы арасындағы көлік қатынасына, халықаралық және республикалық транзиттік дәліздердің өткізу қабілетін арттыруға, жол бойындағы сервистік инфрақұрылымның дамуына серпін береді.

Шығыс пен Батысты жалғайтын жаңа көлік жүйесін қалыптастырады. Жоба мерзімі белгіленіп, 2029 жылы толық аяқталады деп жоспарланған.

Жол құрылысына 10 мыңнан астам жұмысшы және 3 мыңға жуық техника тартылады, 81 көпір, 452 су өткізу құрылысы, демалыс аймақтары, сервистік нысандар және цифрлық бақылау жүйелері салынады

Жол шамамен 1 мың шақырымға, шығыстан Каспийге жүк жеткізу уақыты 3 тәулікке дейін қысқарып, өткізу қабілеті 2,5 есе артады.

## МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАНДАР ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

**ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы медициналық нысандардың құрылыс барысымен танысты.**



Мемлекет басшысы қаламызда өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында:

"Қазір Қызылорда облысында, әсіресе, әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды. Бұған қоса, 40 медицина нысаны ашылды. Менің тапсырмаммен Қызылордада 300 орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Көп ұзамай 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салынады" - деп атап өткен болатын.

Нұрлыбек Машбекұлы Титов шағын ауданында салынып жатқан, бір ауысымда 400 келушіні қабылдайтын №5 қалалық емхананың құрылыс алаңына барды.

Бүгінде аумағы 9 мың шаршы метрлік медициналық нысанның үшінші қабатының монолитті бағандары бетондалуда. Бірінші қабаттың аралық қабырғалары қаланып, ішкі инженерлік желілер тартылып жатыр. Жертөле қабатының аралық қабырғаларын қаланып біткен.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Сырдария өзенінің сол жағалауындағы бір ауысымда 500 адам қабылдайтын емхана құрылысымен де танысты. Қазіргі уақытта нысанның іргетасы қалануда. Көпсалалы орталықта амбулаториялық-емханалық, диагностикалық және күндізгі стационарлық қызмет көрсетіледі. Мұнда жалпы және акушерлік-гинекологиялық тіркеу, педиатрия, мамандандырылған және шұғыл медициналық көмек, профилактика және мектеп медицинасы бөлімдері орналасады. Сондай-ақ, 50 төсектік күндізгі стационар, орталық стерилизация бөлімі, дәрілік қамтамасыз ету қызметі, оқу кабинеттері, 50 орындық аудитория және 200 орындық конференц-зал қарастырылған.

Сол жағалаудағы 300 төсектік көпбейінді аурухана - бір ауысымда 100 адамды қабылдайтын емханасы бар медициналық кешен. Онда емхана, пансионат, операция, реанимация, химиотерапия және радиотерапия бөлімдері, физиотерапия, қабылдау және әкімшілік блоктары болады. Қазіргі уақытта абаттандыру және ішкі-сыртқы әрлеу жұмыстары жүргізілуде.

Бұған дейін бетондалып, аралық қабырғалары қаланып және сырланып біткен, еденнің тегістегіш қабаты құйылған. Осы кезде керамикалық плитка төселіп, сыртқы қасбетке линеарлы панель орнатылып жатыр.

**«Ел тілегі» ақпарат**

## 404 000 ТЕҢГЕ ӨНДІРІЛДІ

Қызылорда қаласының №2 сотында сотталушы Б.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Іс құжаттарына сәйкес, сотталушы Б. жәбірленуші Г.-мен (жұмыс беруші) келісім негізінде шаруа қожалығына күзетші болып жұмысқа орналасқан. Қызметтік міндеттерін атқару барысында ол шаруа қожалығының аумағындағы тасымалды трансформаторлық түзеткіш пен мыс кабелін жасырын жымқырып, оқиға орнынан бой тасалаған. Нәтижесінде, жәбірленуші Г.-ге 584 000 теңге мүліктік шығын келтірген. Басты сот талқылауында жәбірленуші Г. өзіне келген шығын бойынша 180 000 теңге қайтарылғанын көрсетті. Сотталушы Б. өз кінәсін мойындады.

Сот үкімімен сотталушы Б. ҚК-нің 188-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының қабылдануына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, негізгі жаза мерзімі қысқартылып, оған түпкілікті 9 ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалып, пробациялық бақылау белгіленді. Азаматтық талап қою бойынша жәбірленушінің пайдасына 404 000 теңге өндірілді.

**Қызылорда қаласының №2 соты**



## СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда қаласының мамандандырылған тергеу сотының ұйымдастыруымен «Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды соттардың қарауы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды талқылауға арналған семинар өткізілді.

Семинарға Қызылорда облыстық сотының судьясы Қ.Абдуллаев, Қызылорда қаласының мамандандырылған тергеу сотының төрағасы Ғ.Чингисов, мамандандырылған тергеу сотының судьялары, сонымен қатар, бірқатар мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Семинар барысында нормативтік қаулыға енгізілген өзгерістердің негізгі бағыттары, Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабын қолдану ерекшеліктері, прокурордың және қылмыстық қудалау органдарының әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдарды қараудың өзекті мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғау мәселелеріне қатысты ұсыныстар айтылды. Семинар соңында қатысушылар өзара пікір алмасты.

**Қызылорда қаласының мамандандырылған тергеу соты**




## МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІМЕН ТАТУЛАСТЫ

Қызылорда қаласының №2 сотында сотталушы С.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Іс құжаттарына сәйкес, сотталушы С. жәбірленуші Е.-ге тиесілі құны 120 000 теңге тұратын велосипедті жасырын жымқырып, оқиға орнынан бой тасалап, жәбірленушіге мүліктік залал келтірген. Басты сот талқылауында сотталушы тағылған айыпты мойындап, жасаған қылмысына өкінетінін, жәбірленушінің кешірім бергенін көрсетті.

Жәбірленуші сотталушыға кешірім бергенін, қылмыспен келтірілген залал қайтарылғанын, оған қояр талап-тілегі жоқ екенін және татуласқанын көрсеткен.

Сотталушы С., жәбірленушімен медиация тәртібімен татуласуына байланысты Қазақстан Республикасының ҚК-нің 68-бабы 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босатылып, қылмыстық іс тоқтатылды.

**Қызылорда қаласының №2 соты**

## ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

**Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен баспасөз конференциясында Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының бірінші орынбасары Жасұлан Түйменов өңірдегі өрт қауіпсіздігі ахуалы туралы баяндап, тұрғындарды қарапайым қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырды.**

Спикердің айтуынша, облыста тіркелетін өрт оқиғаларының басым бөлігі тұрғын үй секторында, автокөліктерде, орман қоры аумақтарында, түрлі нысандарда және өзге санаттағы объектілерде орын алады. Жүргізілген талдау нәтижесі бойынша өрттердің жартысына жуығы электр желілерінің тозуы мен ақаулы электр құралдарын пайдаланудан туындаған.

Сонымен қатар тұрғын үй секторындағы өрттердің негізгі себептері электр желілерінің ақауы, ашық отты абайсыз пайдалану және темекі тұқылын толық сөндірмей тастау фактілері.

– Талдау көрсеткендей, өрттердің едәуір бөлігі қарапайым қауіпсіздік талаптарының сақталмауынан орын алып отыр. Сондықтан әрбір азамат электр желілерінің жарамдылығына мән беріп, ашық отты абайлап пайдаланып, өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауы қажет. Өрттің алдын алу әркімнің өзінен басталады. Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған азаматтарға қатысты заңнамаға сәйкес әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Жыл басынан бері 596 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, жалпы сомасы 11,4 миллион теңгеден астам айыппұл салынған, – деді Жасұлан Қалдыбайұлы.

Қызылорда облысындағы мемлекеттік орман қорының жалпы көлемі 7,3 миллион гектарды құрайды. Оның 3,9 миллион гектары орманды алқап болса, тіркелген өрттердің негізгі бөлігі жергілікті атқарушы органдардың қарауындағы орман алқаптарында болған.

Өрттің алдын алу мақсатында Төтенше жағдайлар департаменті күнделікті профилактикалық жұмыстарды күшейткен.

- Бүгінгі күнге дейін 200-ден астам бірлескен рейд ұйымдастырылып, 10 мыңнан астам тұрғынға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар халық арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру үшін бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы ауқымды ақпараттық жұмыстар атқарылуда. Жыл басынан бері осы бағытта 4029 ақпараттық материал жарияланды, - деді спикер.

Жасұлан Түйменов тұрғындарды өрт қауіпсіздігі талаптарына жауапкершілікпен қарап, өз өмірі мен жақындарының қауіпсіздігі үшін қарапайым сақтық шараларын ұстануға шақырды. Мамандардың айтуынша, өрттің алдын алу материалдық шығынды ғана емес, адам өмірін сақтап қалудың ең тиімді жолы.

## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

елміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

**«Ел тілегі»** газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

**6 айға – 4502 теңге 22 тиын**

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8 705 982 76 61, 8 777 752 54 63.**

**Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 4 тамыздағы № 1732 қаулысы**

## Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 15 шілдедегі № 03-01/559 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мемлекеттік емес жер пайдаланушы Альшинбаева Бейсенкульдің уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығындағы Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Шахмардан Есенов көшесі, нөмірсіз мекенжайында орналасқан көлемі 48,0 (қырық сегіз) шаршы метр сауда нүктесі бар аялдама үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-043-1681) жер учаскесін немесе жылжымайтын мүлікті жаяу жүргіншілер жолы салынуына байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 5 қараша болып белгіленсін.

3. Мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесі, № 24, № 14 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жариялансын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда қаласының әкімі Н. Ахатов**

**Постановление акимата города Кызылорда №1732 от 4 августа 2026 года**

## О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Аппарат акима поселка Тасбугет города Кызылорды» акимата города Кызылорда № 03-01/559 от 15 июля 2026 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка или недвижимого имущества для государственных нужд в связи с изъятием для строительства тротуара у негосударственного землепользователя Альшинбаевой Бейсенкуль на праве временного возмездного землепользования (аренды), расположенный по адресу: город Кызылорда, поселок Тасбугет, улица Шахмардан Есенова, без номера, площадью 48,0 (сорок восемь) квадратных метров (кадастровый номер 10-156-043-1681) для остановки с торговой точкой.

2. Датой принудительного отчуждения определить 5 ноября 2026 года.

3. Местом обращения негосударственного землепользователя определить: город Кызылорда, улица Ибрая Жахаева, № 24, кабинет № 14.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

**Аким города Кызылорда Н. Ахатов**

**Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 4 тамыздағы №1731 қаулысы**

## «Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 9 желтоқсандағы № 3312 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 29 шілдедегі № 02-04/1904 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 9 желтоқсандағы № 3312 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 15 қаңтардағы № 100 және 2026 жылғы 14 мамырдағы № 1089 қаулылары жойылсын.

2. «Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 9 желтоқсандағы № 3312 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1-тармағындағы және қосымшасындағы «58490,0 (елу сегіз мың төрт жүз тоқсан)» деген сандар мен сөздер «32587,0 (отыз екі мың бес жүз сексен жеті)» деген сандар мен сөздермен ауыстырылсын;

аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірі 2 - қатарындағы «49903,0» деген сандар «24000,0» деген сандармен ауыстырылсын.

3. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 6 қараша болып белгіленсін.

4. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесі, № 24, № 14 кабинет болып белгіленсін.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жариялансын.

6. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолдансын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда қаласының әкімі Н. Ахатов**

**Постановление акимата города Кызылорда № 1731 от 4 августа 2026 года**

## О внесении изменения в постановление акимата города Кызылорда № 3312 от 9 декабря 2025 года «О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд»

В соответствии со статьей 37 Закона «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Управление физической культуры и спорта Кызылординской области» № 02-04/1904 от 29 июля 2026 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Отменить постановления акимата города Кызылорда № 100 от 15 января 2026 года и № 1089 от 14 мая 2026 года «О внесении изменения в постановление акимата города Кызылорда № 3312 от 9 декабря 2025 года «О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд».

2. Внести в постановление акимата города Кызылорда № 3312 от 9 декабря 2025 года «О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд», следующие изменения:

в пункте 1 и в приложении указанного постановления цифры и слова «58490,0 (пятьдесят восемь тысяч четыреста девяносто)» заменить цифрами и словами «32587,0 (тридцать две тысячи пятьсот восемьдесят семь)»;

в строке под порядковым номером 2 в приложении указанного постановления цифры «49903,0» заменить цифрами «24000,0».

3. Датой принудительного отчуждения определить 6 ноября 2026 года.

4. Местом обращения собственника или негосударственного землепользователя, определить: город Кызылорда, улица Ибрая Жахаева, № 24, кабинет № 14.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

6. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

7. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

8. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

**Аким города Кызылорда Н. Ахатов**

# АДАЛДЫҚ – АУЫЛДАН БАСТАЛАТЫН АСЫЛ ҚАҒИДА

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – құқықтық мемлекет құрудың және қоғамның әділ дамуын қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі. Бұл – тек мемлекеттік органдардың міндеті ғана емес, әрбір азаматтың азаматтық жауапкершілігі мен өмірлік ұстанымына айналуы тиіс маңызды құндылық.

Мемлекет басшысы жариялаған «Заң мен тәртіп» қағидаты бүгінгі мемлекеттік басқарудың негізгі бағдарына айналды. Халықтың мемлекетке деген сенімі ең алдымен мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен әділдігі арқылы қалыптасады. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші өз міндетін адал атқарып, қоғам мүддемін жеке бастың пайдасынан жоғары қоя білуі қажет.

Ауыл – ұлттық құндылықтар сақталған қасиетті мекен. Жаңаталап ауылының тұрғындары әрқашан бірлік пен еңбекқорлықты, адалдық пен жауапкершілікті жоғары бағалап келеді. Осындай ізгі қасиеттерді сақтай отырып, біз мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз етуге, халықпен тұрақты кері байланыс орнатуға және заң талаптарын бұлжытпай орындауға ерекше көңіл бөліп келеміз.

Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылдық округі әкімдігі қызметінде ашықтық пен жариялылық қағидаттары басты орында. Азаматтардың өтініштері заң аясында қаралып, мемлекеттік қызметтер белгіленген мерзімде әрі сапалы көрсетіледі. Тұрғындармен жүйелі түрде кездесулер өткізіліп, олардың ұсыныстары мен пікірлері назарға алынады. Бұл – халық сенімін нығайтудың және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырудың маңызды тетігі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тек заң талаптарын күшейтумен шектелмейді. Ең алдымен қоғамды адалдық мәдениетін қалыптастыру қажет. Отбасынан басталатын тәрбие, мектептегі білім және қоғамдық ортадағы өнеге жастардың бойына әділдік пен жауапкершілік қасиеттерін сіңіреді. Сондықтан жас ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттыру, олардың бойында жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Бүгінгі күні мемлекеттік қызметтердің цифрландырылуы мен электрондық форматта көрсетілуі ашықтықты арттыруға және жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік беріп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Себебі халыққа сапалы қызмет көрсету – мемлекеттік қызметтің басты өлшемі.

Құрметті жерлестер!

Жемқорлыққа қарсы күрес – бір реттік науқан емес, үздіксіз жүргізілетін ортақ жұмыс. Осы жолда әрбір азаматтың белсенді ұстанымы, заңға құрметі және адалдыққа деген беріктігі ерекше маңызды. Баршамызды әділдік қағидаттарын қолдауға, заң талаптарын сақтауға және қоғамымызда сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға шақырамын.

Адал еңбек пен әділдік үстемдік құрған жерде ғана елдің еңсесі биік, болашағы жарқын болады.

**Қ.ӘБДІҚАЛЫҚОВ,**
**Жаңаталап ауылдық округі әкімі.**
Жалағаш ауданы

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ

**Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін ең қауіпті әлеуметтік дерттердің бірі. Ол қоғамның тұрақтылығына, халықтың билікке деген сеніміне, экономикалық өсім мен әлеуметтік әділеттілікке тікелей қауіп төндіреді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүргізу – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала береді.**



Сыбайлас жемқорлық ең алдымен заң үстемдігі қағидатын әлсіретеді. Заң талаптары баршаға бірдей орындалуы тиіс болғанымен, жемқорлық орын алған жағдайда әділдік бұзылады, азаматтардың құқықтары тапталады. Бұл өз кезегінде қоғамда әділетсіздікке, әлеуметтік теңсіздікке және мемлекеттік институттарға деген сенімсіздікке алып келеді.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық экономиканың дамуына да үлкен зиян келтіреді. Мемлекеттік қаражаттың мақсатсыз жұмсалуы, қызметтер мен ресурстардың әділетсіз бөлінуі, адал кәсіпкерлердің жолының кесілуі – мұның барлығы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын тежейді. Нәтижесінде халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы төмендеп, азаматтардың әл-ауқатына кері әсер етеді.

Осыны ескере отырып, М.Шәменов атындағы ауылдық округі бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағыты аясында тоқсан сайын дөңгелек үстел отырыстары өткізіліп отырады. Бұл шаралардың негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттыру, адалдық, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын қалыптастыру.

Бұл – қоғамда сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда азаматтық белсенділіктің де маңызы зор. Осы мақсатта тұрғындарға қызмет алу немесе жұмысқа орналасу барысында пара талап етілген жағдайда «1424» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің бірыңғай Call-орталығына хабарласу қажеттігі жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Елді мекенде арнайы баннерлер орнатылған.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықпен күрес – бір реттік науқан емес, үздіксіз әрі жүйелі жүргізілуі тиіс жұмыс. Ол үшін мемлекеттік органдардың ашықтығы мен жауапкершілігімен қатар, әрбір азаматтың белсенді ұстанымы қажет. Тек бірлесе әрекет еткен жағдайда ғана біз әділетті, ашық және дамыған қоғам құра аламыз.

**М.Шәменов атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ**

# ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТТАРМЕН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**Өнеркәсіптік қауіпсіздік – өндіріс орындарындағы адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны және материалдық құндылықтарды қорғауға бағытталған маңызды талаптардың бірі. Әсіресе жарылғыш заттармен және олардың негізінде жасалған бұйымдармен жұмыс істейтін кәсіпорындарда қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау – өндірістегі тұрақтылықтың және жазатайым оқиғалардың алдын алудың басты кепілі.**

Жарылғыш заттар тау-кен өндірісінде, құрылыс саласында, геологиялық барлау жұмыстарында және басқа да өндірістік бағыттарда кеңінен қолданылады. Олардың қауіптілігі жоғары болғандықтан, мұндай жұмыстарды тек арнайы дайындықтан өткен, біліктілігі жеткілікті мамандар ғана орындауы тиіс. Әрбір қызметкер қауіпсіздік техникасын, еңбек қорғау талаптарын және төтенше жағдай кезіндегі іс-қимыл тәртібін толық білуі қажет.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі – жарылғыш заттарды сақтау, тасымалдау және пайдалану кезінде белгіленген нормативтік талаптарды мүлтіксіз орындау. Жарылғыш материалдар арнайы жабдықталған қоймаларда сақталуы, олардың есебі тұрақты жүргізілуі және бөгде адамдардың қол жеткізуіне жол берілмеуі тиіс. Сонымен қатар жарылыс жұмыстарын жүргізер алдында барлық техникалық құралдардың жарамдылығы тексеріліп, қауіпті аймақтар қоршалып, ескерту белгілері орнатылуы қажет.

Қауіпсіз өндірістің тағы бір маңызды бағыты – өндірістік бақылау мен тәуекелдерді бағалау. Кәсіпорындарда технологиялық процестерге тұрақты мониторинг жүргізіліп, жабдықтардың техникалық жай-күйі уақтылы тексеріліп отыруы қажет. Анықталған кемшіліктер дер кезінде жойылып, қызметкерлерге жоспарлы нұсқамалар мен оқу-жаттығулар өткізіліп тұруы тиіс.

Заманауи технологиялар мен автоматтандырылған бақылау жүйелерін енгізу де өндірістегі қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Сандық бақылау құралдары қауіпті жағдайларды ерте анықтап, апаттардың алдын алуға көмектеседі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау – тек заңнамалық міндет қана емес, әрбір жұмысшының жеке жауапкершілігі. Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, еңбек тәртібін сақтау және кәсіби жауапкершілікті арттыру арқылы ғана өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алып, адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауға болады.

Қорытындылай келе, жарылғыш заттармен және олардың негізінде жасалған бұйымдармен жұмыс істеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету – өндірістің сенімділігі мен тиімділігінің негізгі кепілі. Қауіпсіздік талаптарын бұлжытпай орындау әрбір қызметкердің міндеті әрі қауіпсіз еңбек ортасын қалыптастырудың басты шарты болып табылады.

**С.Ш. БИМАШОВ,**
**ҚР ТЖМ Қызылорда облысының ТЖД Өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасының бас маманы**

# АИТВ ЖӘНЕ ЖИТС-тан ҚАЛАЙ САҚТАНУ КЕРЕК?



**Біз неліктен АИТВ және ЖИТС жайында айтуымыз керек?**

Дүние жүзі ЖИТС жайында алғаш рет білгеніне 35 жылдан астам уақыт өтті. Жылдар өткен сайын індет барлық жерде таралып, оның зардаптары ойлағандағыдан әлдеқайда ауыр болды. Әлемде АИТВ жұқпасымен әр минут сайын 10 адам тіркеледі. Ертең осы ортаға сен де, сенің бауырың да, әпкең, досың, сүйікті адамың да түсуі мүмкін ғой. Сондықтан әркім өзін өзгелерді АИТВ жұқпасынан сақтай білуі керек.

АИТВ- дегеніміз не? АИТВ-адамның иммунитет тапшылығының вирусы-ағзаны әртүрлі жұқпалардан қорғайтын қорғаныш жүйесін зақымдайды. АИТВ қорғаныс жүйесінің белгілі жасушаларын зақымдайды (Т-хелперлер).

ЖИТС- дегеніміз не? ЖИТС-жұқтырылған иммунитет тапшылығының синдромы –АИТВ-мен байланысты туындайтын сырқат. ЖИТС –АИТВ жұқпасының соңғы сатысы. Бүгінгі таңға дейін АИТВ және ЖИТС-тан толықтай айықтыратын дәрі-дәрмек табылмай отыр.

Қоздырғыш адам ағзасында өмір бойына қалады. Өкінішке орай, кез-келген адам АИТВ жұқпасын жұқтырып алуы мүмкін, алайда жұқтыруға әкеп соғу жолдары туралы шынайы ақпаратқа сүйеніп, тәуекелден бас тартсаң, АИТВ және ЖИТС-тың таралуының алдын алуға болады.

АИТВ төмендегі жолдармен жұғады:

1.Қан арқылы. АИТВ-мен зақымданған донордың қанын құйғанда немесе мүшелері мен ұлпаларын салғанда. Қан тамырына есірткілерді енгізген кезде ине мен шприцтерді бірге қолданғанда. Татуировка мен пирсинг жасаған кезде зарарсыздандырылмаған құралдарды пайдаланғанда.

2.Жыныстық қатынас арқылы. Қорғансыз (мүшеқапсыз) жыныстық қатынас кезінде.

3.АИТВ жұқтырған анадан балаға берілуі. АИТВ жұқтырған анадан баласына жүктілік кезінде, босанғанда және емізу кезінде.

Адамның АИТВ жұқтырғанын қалай білуге болады? Адамның АИТВ-мен зақымданғандығын сыртқы келбетінен біле алмаймыз. АИТВ жұқпасын қанды зертханалық зерттеуге тапсыру арқылы ғана анықтауға болады. Ағзада қоздырғыштың бар екендігі қоздырғыштың табылғанынан емес, оған қарсы ендірілген антидене пайда болғанда анықталады. Көпшілік жағдайда АИТВ жұқтырылған соң 3 айдан кейін анықталады. Бұл кезең «терезе кезеңі» деп аталады, өйткені тест жүйесімен анықтау ағзаға антиденелердің керекті мөлшерде өндіру 3 айға дейінгі мерзімді қажет етеді.

**А.МОЛДАБЕКОВА,**
**АИТВ инфекциясының алдын алу облыстық орталықтың Шиелі ауданындағы филиалының инфекционист дәрігері**

## Хабарландыру

«Қазгермұнай» БК» ЖШС 16.09.2026 жылы сағат 11:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Тереңөзек а., Қонаев к-сі, 8, мәдениет үйі ғимаратында:

«Ақсай, Орталық Ақшабұлақ, Оңтүстік Ақшабұлақ кен орындарында бағалау-пайдалану ұңғымаларын салуға арналған топтық техникалық жобаларға арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдері (түзету) бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу сілтемесі:

https://kmg-kz.zoom.us/j/7555913367?pwd=UGJLeEJ3bVdZNzk5Nmt2YmZZN2Fmdz09

Конференцияның Идентификаторы: 755 591 3367, Қолжетімділік коды: 593597

Тапсырыс беруші - «Қазгермұнай» БК» ЖШС, Қызылорда қ., Тасбөгет а., Амангелді көшесі 100, БИН 940240000021. Эл.пошта: kgm@kgm.kz

Жобаны әзірлеуші – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалы, 060097, Атырау қ., Нұрсая ықшам ауданы, Елорда даңғылы, 10., БСН 180541015056.

Құжаттамалар https://hearings.ndbecology.gov.kz ҚО ТРЖ ҰДБ сайтында орналастырылған.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ prd@korda.gov.kz электронды адресі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мерзімде қабылданады.

Құжаттар бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: S.Moldabayev@kmge.kz, тел.: 87122556633 (ішкі.2211).

